



«Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ
2023 жылғы «03» тамыз.
№ 1353/0 бұйрығымен
бекітілді
қосымша № _____

Астана қаласы әкімдігінің
«Талғат Бигелдинов атындағы № 1 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Астана қаласы әкімдігінің «Талғат Бигелдинов атындағы № 1 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Нұр-Сұлтан қаласының білім саласындағы кейбір мемлекеттік білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 107-4573 Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қаулысының негізінде құрылған.

3. Кәсіпорынның Құрылтайшысы және оған мүлкіне қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің қызметтерін іске асыратын орган - Астана қаласының әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік).

4. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

5. Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

6. Кәсіпорынның толық атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Талғат Бигелдинов атындағы № 1 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Кәсіпорынның қысқартылған атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Талғат Бигелдинов атындағы № 1 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Желтоқсан көшесі, 9 ғимарат.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап, құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығын алады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес, өздік тенгерімі, банктерде шоттары, белгіленген үлгідегі маңдайшадағы жазуы, өз атауы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген бланктері, мөртабандары және мөрі бар.

10. Кәсіпорын мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді алады, соттарда талап қоюшы және жауапкер ретінде шығады.

11. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

12. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес, міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәтінен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні, мақсаттары және түрлері

13. Кәсіпорынның оқыту-педагогикалық қызметі Жарғыда көрсетілген оның қызметінің мазмұнымен, мақсаттарымен, міндеттерімен және түрлерімен, сондай-ақ Кәсіпорынға Уәкілетті орган арқылы жеткізілген мемлекеттік тапсырыстармен айқындалады.

14. Кәсіпорында білім берудің мазмұны білімнің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттары негізінде әзірленетін оқу бағдарламаларымен айқындалады және жалпы жеке тұлға мәдениетін қалыптастыру міндетін шешуге, жеке тұлғаның қоғам өміріне бейімделуіне, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау және игеру үшін негіз құруға бағытталған.

15. Кәсіпорын қызметінің мәні:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында белгіленген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды (балаларды (бес жастан бастап) мектепке оқытуға мектепалды даярлау), бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді жүзеге асыру;

2) азаматтардың әлеуметтік қорғалуы мен білім алуға конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету, қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру, жекелеген оқушылармен оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер бойынша қосымша сабақтар ұйымдастыру, пәндер бойынша (пәндер мен пәндер циклі) білім алушыларға тереңдетіп оқытуды ұйымдастыру;

3) оқушылардың қажеттіліктері мен жеке қабілеттіліктерін ескере отырып, олардың өзін-өзі дамытуы және өз білімін жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру үшін жағдай жасау;

4) азаматтыққа және отансүйгіштікке, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, конституцияға және қоғамға қарсы кез келген пиғыл көріністеріне төзімсіздік танытуға тәрбиелеу;

5) оқушының бос уақытын ұйымдастыру, мәдени-көпшілік іс-шараларын өткізу;

6) ғылыми –практикалық конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

7) Қазақстан Республикасы мен шетелдердің білім беру және мәдени ұйымдарының олимпиадаларына, конференцияларына, конгресстері мен өзге де ынтымақтастық форумдарына қатысу;

8) бейін алды және бейіндік сыныптарда жеке тұлғаға бағытталған, дамытушы қосымша бағдарламаларды іске асыру;

9) ой-өрісі жан-жақты дамыған, еңбекті зерттеу дағдыларымен, мәдениеті жоғары, мамандықты саналы түрде таңдауға, жоғары оқу орындарында өзіндік шығармашылықпен айналысуға дайын жеке тұлғаны қалыптастыру;

10) АҚ-технологияларды және жоғары деңгейлі программалау тілдерін оқу үшін жағдай жасау;

11) білікті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оқу бағдарламаларын менгеру арқылы білім алушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға жағдайлар жасау;

12) мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде электрондық форматта ұсыну сапасын және мерзімдерін жыл сайынғы (есептік (күнтізбелік) жылдың қорытындысы бойынша) бағалауды сақтау бойынша мониторинг жүргізу және бақылау;

13) жеке тұлғаны толық дамыту үшін оқушының отбасымен өзара қарым-қатынаста болу;

14) ата-аналарға педагогика, жалпы және жас ерекшелік психологиясы, отбасы және білім беру мәселелері бойынша кеңестер беруді ұйымдастыру;

15) педагогикалық процестің материалдық-техникалық базасын жетілдіру, заманауи білімнің жаңа технологияларын іздеу.

16. Кәсіпорын қызметінің мақсаттары:

1) Кәсіпорында іске асырылып жатқан оқу бағдарламаларын орындау үшін жағдайлар жасау;

2) социумның өзгертін жағдайларына бейімделуге қабілетті жеке тұлғаның өз бетінше, жан-жақты шығармашылық дамуына жағдай жасау;

3) инклюзивті білім беруді дамыту.

17. Кәсіпорын мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін:

1) Мектепке дейінгі білім беру (балаларды (5 жастан бастап) мектепте білім алуға дайындау үшін мектепалды дайындықты ұйымдастыру және жүзеге асыру);

2) негізгі және жалпы орта білім беру;

3) басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.

18. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы» (Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 63-бабы 3-тармағы) заңдарына сәйкес ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге құқылы.

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогтер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

7) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру;

8) ғылыми зерттеулерді жүргізу;

9) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын мүліктік жалдауға (жалға) беру.

19. Жекеленген оқушылар үшін психологиялық-медико-педагогикалық кеңестің шешімі бойынша және оқушылардың потенциалды мүмкіндіктері мен даму ерекшеліктерін есепке ала отырып, кәсіпорын жалпы білім беретін оқу бағдарламасы негізінде мүмкіндігі шектеулі балаларды үйде оқытуды және инклюзивті оқытуды ұйымдастырады.

20. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген, оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

21. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының Заңдарына немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы келетін немесе басшысының Жарғылық құзыретін бұзып жасаған мәмілесі, мемлекеттік мүлік бойынша (жергілікті атқарушы органның) уәкілетті

органның немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

22. Кәсіпорын басшысының Жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып есептеледі, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соқтырады.

4. Кәсіпорындағы білім беру үдерісін,
жұмыс тәртібін ұйымдастыру.

Білімді оқыту бағдарламаларын іске асыру тізбесі

23. Тәрбиелеу-білім беру үрдісінің негізгі қатысушылары оқушылар, ата-аналар немесе олардың заңды өкілдері мен Кәсіпорын жұмыскерлері болып табылады.

24. Кәсіпорындағы оқу және тәрбиелеу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Жеке пәндер ағылшын тілінде жүргізілуі мүмкін. Оқыту-педагогикалық құжаттама мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Педагогтар бағдарламаларды таңдау және оларды шығармашылық қолдану құқығына ие.

25. Кәсіпорындағы білім беру үрдісін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының орта білім беру және Кәсіпорын басшысы бекіткен мемлекеттік стандартқа сәйкес дербес әзірленетін оқу жоспары мен бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Кәсіпорын ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеуді, білім беру үрдісінің нәтижелілігін талдау мен бағалауды, педагог кадрлардың шығармашылық өсуіне және олардың кәсіби өзін-өзі жетілдіруіне ықпал ететін инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтау және таратуды қамтамасыз етеді.

26. Оқушының оқу жүктемесі денсаулық сақтау органдарының ұсынымдарына сәйкес белгіленген рұқсат етілген шекті жүктеме нормаларынан аспауы тиіс.

27. Білім беру үрдісін ұйымдастыру негізі оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу болып табылады.

Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының уақтылы және сапалы орындалуын толық / көлемде қамтамасыз етуі тиіс.

28. Жеке пәндерді (пәндер циклін) оқытуға бөлінген сағат саны бір мемлекеттік оқу жоспарымен белгіленген сағат санынан кем болмауы тиіс.

29. Кәсіпорын мынадай оқу бағдарламаларын іске асырады:

1) Білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың (балаларды мектепалды даярлау (5 жастан бастап), мектепте білім алуға дайындау үшін мектепалды дайындықты ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру, жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру

аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеуге бағытталған, сондай-ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың (балаларды мектепалды даярлау) жалпы білім беретін оқыту бағдарламасын меңгеру мерзімі - 1 жыл;

2) негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттілігін, оқу қызметінде оң мотивациясы мен іскерлігін, берік дағдыларын, жазу, санау, тілдік қарым-қатынас тәжірибесін, шығармашылықпен өзін-өзі жетілдіруін, өзін-өзі ұстау мәдениетін дамытуға бағытталған бастауышқа білім берудің жалпы білімдік оқу бағдарламалары;

Бастауышқа білім берудің жалпы білімдік оқу бағдарламаларын игеру мерзімі – төрт жыл;

3) оқушылардың ғылымның базалық негіздерін игеруге, оларда тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, қоғамдағы тұлғалық орнын айқындауына және кәсіптік бағдарлануына бағытталған негізгі орта білім берудің жалпы білімдік оқу бағдарламалары.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы оқушылардың бейін алды даярлығын қамтиды. Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады.

Негізгі орта білім беруді оқыту бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл;

4) жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқушылардың бағдарланған кәсіпке дейінгі даярлығын жүзеге асыру үшін білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттілігіне сәйкес оқудың жаратылыстанушылық-математикалық және өзге де бағыттарын енгізе отырып, білім беру мазмұнын саралау, интеграциялау және кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімі – екі жыл.

30. Оқушылардың оқу тәртібі:

1) оқу жылы бірінші қыркүйектен басталып, оқу жоспарына сәйкес аяқталады;

2) оқу жылының, оқу аптасының ұзақтығын, демалысты өткізу мерзімдерінің ұзақтығын Уәкілетті орган, Кәсіпорынның басшысы бекіткен жылдық күнтізбелік оқу кестесімен белгілейді;

3) Кәсіпорында оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап желісі жылғы 31 мамырға дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді. Бірінші сынып оқушылары үшін қосымша апталық демалыстар белгіленеді;

4) Кәсіпорын аптасына екі демалыс күнімен, бес күндік оқу кестесі бойынша жұмыс істейді, 6-ші сенбі күні жеке-топтық, үйірмелік және мектеп компоненттінің вариативті бөлімдеріне күн қарастырылады;

5) сабақтардың тәртібі, сабақтардың ұзақтығы мен олардың арасындағы үзілістер Кәсіпорын басшысы бекітетін сабақ кестесі және күн тәртібімен белгіленеді.

31. Оқушылардың білімін, аралық және қорытынды аттестатталуын ағымдағы бақылау жүйесі, өткізу түрлері және тәртібі:

1) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылады. Білім алушыларды балл түрінде жиынтық бағалау нәтижелері Журналға (қағаз, электрондық) қойылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес баллдарды ауыстыру шәкілі бойынша төртінші және жылдық бағаларға ауыстырылады.

2) әрбір тоқсанның аяғында 2 - 11 (12) – сыныптарда аралық бағалау, ал тоқсандық бағалар қорытындылары бойынша - жылдық бағалау шығарылады;

3) бір немесе екі пән бойынша «2» жылдық бағасы бар 2-8 (9) және 10 (11) сыныптардың білім алушылары үшін мектеп жасаған кестеге сәйкес өткізілетін оқу жылындағы материалдың мазмұнын қамтитын оқу жылына жиынтық бағалау ұйымдастырылады.

4) қорытынды баға жылдық бағалаудың және оқу жылы ішіндегі жиынтық бағалау бағасының таяу бүтін санға дөңгелектене отырып, орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады.

5) үш және одан да көп пән бойынша «2» жылдық бағасы бар 2-8 (9) және 10 (11) сыныптардың білім алушылары қайта оқу жылына қалдырылады.

6) бағалау алған кезде «3», «4», «5» 2-8 (9) және 10 (11) сыныптардың білім алушылары келесі сыныпқа ауыстырылады.

7) бір немесе екі оқу пәні бойынша «2» бағасын қайта алған 2-8 (9) және 10 (11) сыныптардың білім алушылары осы пәндер бойынша оқу жылы үшін қосымша жиынтық бағалауға жатады.

8) қорытынды баға жылдық бағалаудың және жақын бүтін санға дөңгелектеп, қосымша жиынтық бағалау үшін бағалаудың орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады.

9) қосымша жиынтық бағалау жаңа оқу жылы басталғанға дейін жүргізіледі.

10) қосымша жиынтық бағалау үшін «2» бағасын алған жағдайда білім алушылар қайта оқуға қалдырылады.

11) 1-сынып білім алушылары психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдары және ата-аналардың немесе бағалық заңды өкілдерінің келісімі бойынша қалдырылған білім алушыларды қоспағанда, қайта оқу жылына қалдырылмайды;

12) Кәсіпорында негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын игеру Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрлігі бекіткен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізілетін бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады. Аттестаттаудан сәтті өткен түлектерге тиісінше Кәсіпорынның мөрімен расталған белгіленген үлгідегі аттестаттар, ал өтпегендерге – тындаған курстары туралы анықтамалар беріледі;

13) негізгі орта білімнің жалпы білім беру бағдарламасын игеру барысында ерекше жетістіктерге жеткен мектеп бітірушілеріне Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жалпы орта білім берудің үздік аттестат, жалпы орта білім туралы аттестат, «Алтын белгі» немесе үздік аттестаттар беріледі;

14) Кәсіпорынның педагогикалық кеңесінің шешімімен оқу жылының бағдарламасын сәтті меңгерген және қорытынды емтихандарды тапсырған оқушылар келесі сыныпқа ауыстырылады;

15) жалпы білім бағдарламасының алдыңғы деңгейін меңгермеген оқушылар жалпы білім берудің келесі сатысына оқуға жіберілмейді.

32. Оқушылардың үлгеріміне, аралық және қорытынды аттестатталуына ағымдағы ішкі бақылауды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен Үлгілік қағидаларына сәйкес Кәсіпорын дербес жүзеге асырады.

Пәндер тізбесі мен оқушыларды ішкі аралық аттестаттаудан өткізу үлгісін Кәсіпорын оқу жоспарына сәйкес белгілейді және оқу үдерісінің кестесіне шығарады.

33. Кәсіпорындағы тәрбиелік бағдарламалар білім беру үдерісінің құрамдас бөлігі болып табылады және отансүйгіштікті, азаматтықты, интернационализмді, жоғары мораль мен адамгершілікті қалыптастыруға, сондай-ақ оқушылардың, тәрбиеленушілердің жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттіліктерін дамытуға бағытталған.

34. Кәсіпорындағы білім беру мен тәрбие жүйесі зайырлы сипатты құрал, діни және діни бірлестіктердің жұмысынан бөлек.

Білім беру ұйымдарында нәсілдікті, этникалық, діни, әлеуметтік теңсіздік пен өзгешелікті насихаттауға, жалпы танылған халықаралық құқық принциптеріне және гуманизміне қайшы келетін милитаристік және басқа да идеяларды таратуға тыйым салынады.

5. Ақылы білім беру қызметтерін көрсету тізбесі мен тәртібі

35. «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Кәсіпорын тегін білім беру қызметімен қатар, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы қызметтерді де көрсетеді:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламасымен бөлінген сағат санынан тыс пәндер бойынша (пәндер мен пәндер циклі) жекелеген оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) оқушылармен пәндер (пәндер және пәндер циклі) бойынша ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) түрлі іс-шараларды: оқушылар, педагогтер арасында спорттық жарыстар, семинарлар, сондай-ақ оқу - әдістемелік әдебиеттерін әзірлеу және іске асыру бойынша кеңестер, конференциялар ұйымдастыру және өткізу;

5) үйірмелік қызметті (базистік оқу жоспарының шеңберінен тыс) ұйымдастыру және өткізу;

6) музыкалық аспаптарды және қосымша интернет-байланыс қызметтерін пайдалануға беру;

7) жазғы демалысты ұйымдастыру, Кәсіпорында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушыларды, оқушыларды азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша ақылы қызмет көрсетуге құқылы.

36. Ақылы білім беру қызметі мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетілмейді.

37. Ақылы білім беру қызметі оқушыларға Кәсіпорын мен ата-аналар (заңды өкілдері) арасында жасалатын шарттар негізінде жеке кесте бойынша ата-аналардың (заңды өкілдерінің) қалауы бойынша беріледі.

38. Ақылы білім беру қызметтерін іске асыруға байланысты Кәсіпорын мен оқушылар, оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдерінің арасындағы қарым-қатынас білім беру деңгейін, оқу мерзімін, оқуы үшін төлем мөлшерін айқындайтын шартпен реттеледі.

Тәрбиелеу-білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың (бұдан әрі – Шарт) Тараптары тәрбиелеу-білім беру үрдісіне қатысушылар: басшының тұрғысында Кәсіпорынның әкімшілігі, ата-аналар немесе олардың заңды өкілдері болып табылады.

39. Ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсетуден түскен қаражат, білім беру үдерісіне, оның ішінде оқу жабдықтарын алуға, Кәсіпорынның қызметкерлеріне әлеуметтік және материалдық қолдау көрсетуге/ қайта инвестициялануы мүмкін.

6. Кәсіпорынды жинақтау тәртібі

40. Кәсіпорын оқуға қабылдауды Қазақстан Республикасының Конституциясына, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын Білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік шарттарына, мемлекеттік қызмет стандартына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ олардың негізінде әзірленген осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

41. Кәсіпорын жалпы білім алуға құқылы барлық балаларды оқуға қабылдауды қамтамасыз етеді.

42. Білім беру туралы заңнамаға сәйкес, кәсіпорын балаларды алты жастан бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

Бірінші сыныпқа баратын балалардың ата-аналарынан (заңды өкілдерінен) өтініштерді қабылдау ағымдағы жылғы 1 сәуірден бастап 1 тамыз аралығында жүргізіледі.

43. Кәсіпорынға қабылдау оқушылардың ата-аналарының (немесе өзге заңды өкілдерінің) білім туралы, денсаулық жағдайы туралы анықтама № 063/у нысан, «Бала денсаулығы паспорты» 026/у-3 нысан, белгіленген үлгідегі туу туралы куәлік немесе жеке басының куәлігі, 2 данада 3x4 см көлеміндегі фотосуреті бар құжаттарды қоса берген, жазбаша өтініші негізінде басшының бұйрығымен рәсімделеді.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау үшін заңды өкілдерінің келісімі болған жағдайда педагогикалық-медициналық-психологиялық комиссияның қорытындысы қосымша беріледі.

Түзету сыныптарына қабылдау тәртібі орын болған жағдайда, оқыту үлгісі ұсынылған ПМПК-ның жолдамасы бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алушы білім беру ұйымына, білім беру ұйымдарына қабылдау және беру жөніндегі мемлекеттік қызмет алуға үміткер, оқыту тағдалған бейініне сәйкес, назарға білім деңгейін білім беру ұйымының мәртебесін алуы тиіс, сондай-ақ білім беру Кәсіпорындарының қызмет көрсету арнасын (шағын аудан).

44. Кәсіпорын оқуға түсетін оқушыны, оның ата-анасын (заңды өкілдерін) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын Кәсіпорынға қабылдау ережелерімен, сондай-ақ білім беру үдерісін ұйымдастыруды реттейтін осы Жарғымен және басқа да құжаттармен таныстырады.

45. Кәсіпорындағы сыныптар саны берілген өтініштер санына және санитарлық-гигиеналық нормалар ескеріле отырып, білім үрдісін жүзеге асыруға жасалған жағдайларға байланысты болады.

46. Кәсіпорындағы сыныптарда оқитындардың саны 25 оқушыдан аспауы тиіс. Лицейлік сыныптарында бейін алды 8 сыныптан бастап – 25 оқушыдан артық болмауы тиіс.

47. Сыныптар 24 және одан да көп білім алушыларда сыныпты толтыру кезінде орыс тілді сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті оқыту шет тілдерін, информатиканы оқу кезінде, сондай-ақ 2-4 сыныптарда цифрлық сауаттылық пәндерін оқу кезінде, 5-9 сыныптарда көркем еңбек ету кезінде екі кіші топқа бөлінеді.

Сыныпты екі топқа бөлуге жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша «орыс тілі мен әдебиеті» пәні бойынша - мемлекеттік тілде оқытатын

сыныптарда 24 және одан да көп білім алушылар сыныпты толтырған кезде жол беріледі.

48. Лицейлық сыныптарға оқушыларды қабылдау, сыныптан-сыныпқа көшіру және оқудан шығару Кәсіпорынның Жарғысына сәйкес үлгерім нәтижелері бойынша Кәсіпорынның педагогикалық кеңесінің шешімімен жүргізіледі.

Лицейлық сыныптарда оқудан шығарылған оқушылар Кәсіпорынның жалпы білім беретін сыныптарында білімін жалғастырады немесе ата-аналардың (заңды өкілдерінің) қалауы бойынша басқа жалпы білім беретін мектепке ауыстырылады.

49. Кәсіпорында оқушыны оқудан шығару тәртібі мынадай негіздерде:

1) оқушының басқа оқу орнында білім алуды немесе басқа оқу нысанында жалғастыруын ата-аналарының (заңды өкілдерінің) қалауы бойынша;

2) он алты жасқа дейінгі балалардың құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, осы Жарғыны өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорын басшысының бұйрығымен ресімделеді;

3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мектептен шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы органдардың келісімімен қабылданады.

7. Кәсіпорынның оқушылармен, олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) қарым-қатынасты ресімдеу тәртібі.

Білім беру үрдісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

50. Білім беру үрдісіне қатысушылар оқушылар, Кәсіпорынның педагогтері және оқушылардың ата-аналары (заңды өкілдері) болып табылады.

51. Кәсіпорындағы білім беру үрдісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларына сәйкес айқындалады.

52. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері осы Жарғымен және оқушылардың тәртіп ережелерімен реттеледі.

53. Кәсіпорынның оқушылары:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

3) өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес ақылы негізде қосымша білім беру қызметтерін алуға;

4) ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу - әдістемелік кешендерімен және оқу - әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге;

- 5) Кәсіпорынды басқаруға қатысуға;
- 6) бір оқу орнынан екінші оқу орнына қайта алынуға және ауысуға;
- 7) Кәсіпорынның спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын, кітапханасын тегін пайдалануға;
- 8) өз ойын және пікірін еркін білдіруге;
- 9) өзінің адами қасиетін, денсаулығын сақтауға;
- 10) намысын, еркіндігін қорғауға;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кез келген басқа ақпаратты алуға;
- 12) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеу және сыйақы алуға құқығы бар.

54. Оқушыларды оқу үрдісінен алаңдатуға, оларды үгіт-насихат компаниялары мен саяси акцияларға мәжбүрлеп қатыстыруға жол берілмейді.

55. Оқушылар:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдыларды және біліктіліктерді игеруге;
- 2) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Жарғыда және ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;
- 3) өз денсаулығын күтуге, өзін рухани және жеке өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;
- 4) Басқа оқушылардың, Кәсіпорынның педагогтері мен басқа да қызметкерлерінің ар-намысын сыйлау, оларға қатысты дөрекілік пен зорлық-зомбылыққа жол бермеуге, оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;
- 5) сабақтан себепсіз қалмай, адал оқуға;
- 6) Кәсіпорынның мүлкіне және білім берудің техникалық құралдарына зиянды қарауға, егер мүлік бүлінген болса, ата-аналармен (заңды өкілдермен) бірге кішігірім жөндеу жұмыстарын жүргізуге немесе келтірілген залалды өтеуге;
- 7) Кәсіпорын қызметкерлерінің Жарғыда және ішкі тәртіп ережесімен тағайындалған құзыретіне жатқызған бөлігіндегі талаптарын орындауға;
- 8) сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта (экскурсия, серуен) қауіпсіздік техника ережелерін сақтауға;
- 9) әр оқу жылының соңында Кәсіпорыннан алынған оқулықтарды тиісті және әрі қарай қолдануға болатын күйде, ал бүлінген немесе жоғалған жағдайда ата-аналармен (заңды өкілдермен) бірге олардың құнын қалпына келтіруге немесе қайтаруға;
- 10) Кәсіпорында белгіленген мектептің бірыңғай киім үлгісін, сондай-ақ және шынықтыру сабақтарында спорттық формасын сақтауға міндетті.

56. Білім алушыларға тыйым салынады:

- 1) Кәсіпорынға (қару, спирт ішімдіктерін, темекі бұйымдарын, улы және зиянды құралдары мен т.б.) жарылысқа және өртке қауіпті кез келген заттарды әкелуге, беруге және пайдалануға;

2) айналасындағылар үшін қауіпті, зардаптарға әкеп соғатын кез келген іс-әрекеттер жасауға (қарым-қатынасты анықтау үшін қорқытып алу үшін дене күшін қолдануға, қорқыту, бопсалау, ұлттық, несілдік және діни араздықты тұтаңдыру бағытқа насихаттайтын әдебиеттерді көрсету);

3) ұялы телефондарды оқу үдеріс кезінде оқытушының рұқсатынсыз пайдалануға;

4) оқу-тәрбие үдеріс кезінде кәсіпорын әкімшілігінің және топ жетекшінің келісімінсіз Кәсіпорыннан кетуге.

57. Кәсіпорындағы тәртіп оқушылар мен оқытушылардың адами қадір-қасиетті құрметтеу негізінде қолдау табады. Оқушыларға қатысты қара күш және психикалық зорлық көрсету әдістерін қолдануға жол берілмейді.

58. Ата-аналар (занды өкілдер) мен Кәсіпорынның арасындағы қарым-қатынастар осы Жарғының ережелерімен реттеледі.

59. Ата-аналардың (занды өкілдердің):

1) балаларының құқығы мен мүдделерін қорғауға;

2) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымын таңдауға;

3) Кәсіпорынды басқару органдарының жұмысына ата-аналар комитеттері арқылы қатысуға;

4) өз балаларының оқу үлгеріміне, мінез-құлқына және оқуына жағдай жасауына қатысты ақпаратты алуға;

5) балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша Кәсіпорынның педагогтарымен және психологтарымен ақылдасуға;

6) мұғаліммен және кәсіпорын әкімшілігімен келісіп, сабақтарға қатысуға;

7) шарт негізінде балаларына қосымша қызметтер алғызуға құқығы бар.

60. Ата-аналар (занды өкілдері):

1) балаларына салауатты өмір сүруі және қауіпсіз оқуы үшін жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дене бітімінің дамуын, адамгершілігінің қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) олардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты Жарғы мен ішкі еңбек тәртібі ережесінің бөлігін орындауға;

3) ата-аналар жиналысына қатысуға, қажет болған жағдайда оқу-тәрбие үдерісі бойынша жеке педагогикалық әңгімелесу және нақтылы педагогикалық көмек көрсету үшін әкімшіліктің немесе мұғалімдердің шақыруы бойынша Кәсіпорынға келуге;

4) баланың оқу орнына сабақтарға келуін қамтамасыз етуге;

5) баласы келтірген материалдық залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуге;

6) оқушыны белгіленген үлгідегі мектеп және спорттық киімімен қамтамасыз етуге;

7) егер бала Кәсіпорынның берген мектеп оқулығын (оқулықтарын) жоғалтқан жағдайда қалпына келтіру немесе сомасын төлеу міндетті.

61. Кәсіпорынның педагогтері:

1) кәсіби қызметтің жағдайларын жасай отырып, педагогикалық қызметпен айналысуға;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибе-эксперименттеу жұмысымен айналысуға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологиялар енгізуге;

3) білім беру деңгейіне сәйкес келетін мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының талаптарын сақтау шартымен педагогикалық қызметті ұйымдастырудың әдістері мен түрлерін еркін таңдауға;

4) атқаратын лауазымына және мамандығына сәйкес Кәсіпорынның қызметіне қатысуға;

5) Кәсіпорынның қызметіне байланысты мәселелерді еңбек ұжымымен бірге талқылауға;

6) санатын арттыру, қызметтік өсу мақсатында біліктілігін арттыруға және мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтуге;

7) өзінің кәсіби абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

8) біліктілік санатына және штаттық кестесіне сәйкес кепілдендірілген жалақысын алуға;

9) педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйақылар мен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық жағынан көтермеленуге;

10) Кәсіпорын әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға;

11) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, сондай-ақ жалпы орта білім беру саласына қатысты өзге де нормативтік құқықтық актілермен регламенттелетін басқа да құқықтарға құқығы бар.

62. Кәсіпорын қызметкерлері:

1) Кәсіпорынның Жарғысын, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, лауазымдық міндеттік қызметтік тапсырмаларын, қауіпсіздік техникасы ережелері және локалдық актілерін орындауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен өз міндеттік қызметтерін орындауда жеке жауапкершілік артуға;

3) көрсететін білім қызметінің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес қамтамасыз етуге;

4) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімге және оқыту дағдыларына ие болуға;

5) оқыту сабақтарына мұқият дайындалуға, біліктілігін арттыруға;

6) кемінде бес жылда бір рет тиісті санатқа аттестаттаудан өтуге. Әрбір бес жылдан кейін біліктілік санатын растауға;

7) оқушыларды адамгершілік рухында, ата-аналарын сыйлауға, ұлтымыздан құндылықтарды, қоршаған ортаны ықыласпен қорғауға тәрбиелеуге;

8) оқушылардың өмірлік дағдыларын, құзыретін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттіліктерін дамытуға;

9) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы тұлғасын деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға;

10) оқушылардың жеке және шығармашылық қабілеттіліктерін анықтауға және дамытуға жәрдемдесуге;

11) оқу құжаттамасын жүргізуге, бақылау жұмыстарының есептерін, талдауларын уақтылы тапсыруға және т. б.;

12) медициналық тексеруден өтуге;

13) салауатты өмір салтын ұстануға және оны оқушылардың арасында насихаттауға;

14) оқушылардың, олардың ата-аналарының ар-намысын және қадір-қасиетін сыйлауға;

15) педагогика әдеби нормаларын сақтауға міндетті.

63. Міндетін және педагогика әдебін бұзғаны үшін педагог Қазақстан Республикасының заңнамасында және еңбек шартында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

64. Еңбек ұжымы мүшелері негізгі жұмыс орны Кәсіпорын болып табылатын тұлғалар (басшы және оның қызметкерлері). Біліктілік талаптарына жауап беретін кез келген азаматы Кәсіпорынның қызметкері бола алады.

65. Педагогтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың кәсіби міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.

66. Кәсіпорында жұмыс істеуге сот үкімімен немесе медициналық шешіммен педагогикалық қызметке тыйым салынған адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен соттылығы өткізілген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар жіберілмейді.

67. Педагогтерге оқыту үрдісін саяси үгіттеу, діни насихаттау немесе оқушылардың Қазақстан Республикасының заңдарына және Конституциясына қайшы келетін әрекеттерге баруына тиек болу мақсатында пайдалануға тыйым салынады.

68. Педагогтердің оқу жүктемесінің көлемі оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша сағат саны, кадрлармен қамтамасыз етілу, Кәсіпорындағы басқа да нақты жағдайлар негізге алына отырып, белгіленеді.

69. Кәсіпорынның басшысы мен қызметкерлері арасындағы өзара қарым-қатынас еңбек шартының негізінде жүзеге асырылады. Кәсіпорындағы еңбек шарттары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, сондай-ақ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Еңбек шартының талаптары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

8. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбек тәртібі

70. Педагогтердің жұмыс уақыты негізгі және қосымша сабақ кестесімен, үйірмелермен, секциялармен және басқа да іс-шаралармен анықталады.

Жылдық оқу жүктемесі оқу жылының басында тарификациялық тізімді бекіту арқылы белгіленеді.

71. Ауысым бойынша жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмыс уақыты заңнамда белгіленген нормалар шегінде бекітілген кестемен анықталады.

72. Қалған қызметкерлердің жұмыс аптасының ұзақтығы аптасына 40 сағатты құрайды.

9. Кәсіпорынды басқару

73. Әкімдік:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын коммуналдық еріске билік етуге уәкілетті атқарушы органға уәкілеттік береді;

3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, сонымен бірге, оны жалға беру, өтеусіз пайдалануға және сенімділікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін бекітеді;

7) Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

8) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мән-жай функцияларды жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі шешімдерін қарайды, келіседі және бекітеді;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

3) Кәсіпорынның басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздемелерін анықтайды;

4) педагогтерге педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші қызметтік сапаттарын береді және растайды;

5) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басымдылықтарын және міндетті жұмыстардың (қызметтердің) көлемін белгілейді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

74. Кәсіпорынның органы – оның басшысы болады.

75. Кәсіпорын басшысын тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында сәйкес жүзеге асырылады.

76. Уәкілетті орган кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігінің уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі белгіленеді.

77. Кәсіпорынның басшысы:

1) Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес, жеке басыммен жауап береді;

2) Кәсіпорында жемқорлыққа қарсы әрекетті ұйымдастырғаны үшін жеке жауапкершілік алады.

3) дара-басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

4) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

6) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

7) Кәсіпорынның мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

8) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

9) сенімхаттар береді;

10) банктік шоттар ашады;

11) Кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне міндетті бұйрықтар мен ережелер шығарады;

12) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, қызметкерлерді жұмыстан шығару шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, оларды жазаға тартады.

Уәкілетті орган басшының ұсынымы бойынша, сәйкес саланың (жергілікті атқарушы органымен) қызметке тағайындайтын және қызметтен босатытын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы оның Жарғысында белгіленеді;

13) белгіленген еңбек ақы төлеу қоры шегінде, еңбек ақы төлеу нысанын, міндеттік кестені, лауазымдық жалақыларының мөлшерлерін, Кәсіпорын

қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас (аға) бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

14) өзінің орынбасарларын қызметтен босату, уәкілетті органға тағайындау үшін және қызметке кандидатуралар ұсынады;

15) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

16) бюджеттен тыс қаражат есебінен лауазымдарды бірге атқарғаны (қызмет көрсету аясын кеңейткені үшін) қосымша төлемақы, штаттық кесте белгілейді.

Өндірістік қызметтің тиімділігі мен атқарылатын жұмыстың сапасын арттыру мақсатымен, әкімшілік – басқарушы қызметкерлері жұмысының тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес, Кәсіпорынның сараланған негізде ынталандырушы сипаттағы коэффициенттерді кіргізеді.

17) уәкілетті органның рұқсатымен қоса алып жүру немесе қосымша жұмыс істеу жағдайларында педагогикалық жұмысты іске асырады;

18) Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуі бойынша шаралар қабылдайды;

19) жеке жауаптылықта болады:

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін;

Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі және тиімділігі үшін;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен ескерілген басқа да қызметтерді іске асырады.

78. Кәсіпорынның алқалық басқару түрлері:

1) Педагогикалық кеңес;

2) Қамқоршылық кеңес;

3) Әдістемелік кеңес.

79. Педагогикалық кеңеске Кәсіпорынның басшысы мен оның орынбасарлары, оқытушылар енеді, Кәсіпорынның қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

80. Педагогикалық кеңестің құзыретіне мыналар жатады: оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту, педагогикалық қызметтің негізгі бағыттарын анықтау, жеке оқу жоспарларын бекіту, оқушыларды келесі сыныпқа көшіру, оқушылардың үлгерімі, мінез-құлқы және аттестаттау мәселелерін талқылау, мемлекеттік Кәсіпорынның педагог қызметкерлерінің белгілілігін арттыру, олардың шығармашылық бастамаларын дамыту, алдыңғы қатарлы тәжірибелерді тарату, педагогтерді және басқа қызметкерлерді әртүрлі ынталандыруларға ұсыну бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

81. Қамқоршылық кеңес әділдік, еріктілік, тең құқылық, жариялылық және алқалық қағидағтарында әрекет ететін кәсіпорынды басқарудың алқалы

органы болып табылады.

Қамқоршылық кеңес кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуі мен дамуына жәрдемдесу, елорданың қоғамдық-саяси өміріндегі кәсіпорынның астаналық деңгейдегі білім беру, ғылыми және мәдени орталық ретіндегі рөлін арттыру мақсатында құрылады. Қамқоршылық кеңес Қоғамдық-Консультативтік орган ретінде әрекет етеді, кәсіпорынның перспективалық даму мәселелерін шешуге қатысады.

Кәсіпорынның Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

1) кәсіпорынды дамытуға бағытталған шараларды әзірлеу және іске асыру;

2) кәсіпорынның педагогикалық кеңесінің отырыстарында;

3) кәсіпорынның басқа басқару органдарының жұмысы;

4) ұжымдық шартты әзірлеу және қызметкерлерге, кәсіпорын басшысына, оның орынбасарларына, бас бухгалтерге лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу, сыйлықақы беру және даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде қосымша қаржы көздерінен материалдық көмек көрсету бағамында шешім қабылдау;

5) кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Қамқоршылық кеңестің негізгі міндеті-өз құзыреті шегінде кәсіпорын жұмысіндігіне көмек көрсету.

Қамқоршылық Кеңестің құзыретіне:

1) кәсіпорынға білім алушылардың ата-аналарымен жұмыс істеуге көмек көрсету;

2) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар беру;

3) қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсету;

4) кәсіпорынды материалдық қолдау мәселелерін шешу;

5) қаржылық мәселелерді шешу, яғни ата-аналар жарналары бойынша шығыстар сметасын бекіту, қамқоршылық кеңестің тексеру комиссиясының ата-аналар жарналарының шығысын бақылауы және басқа да қаржылық-материалдық мәселелер;

6) педагогикалық кеңеспен бірлесіп, оқушыларды көтермеліу мен қолдауға байланысты мәселелерді шешу;

7) уәкілетті органға Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізу;

8) даму жоспарының орындалуы туралы есеп жобасын келісу, кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

9) білім беру ұйымының жұмысында Қамқоршылық кеңес анықтаған мәселелерді жою туралы уәкілетті органға ұсыныстар енгізу.

82. Әдістемелік кеңес ғылыми-әдістемелік тұрғысынан оқу үрдісін жүйелілікпен етеді, практикалық-эксперименттік бағытта педагогикалық қызметтерін дамытады және әдістемелік бірлестіктердің жұмысын ұйымдастырады.

83. Кәсіпорында жыл сайын Кәсіпорын басшысының бұйрығымен педагогтердің кәсіби қызметін ескере отырып, аттестаттаудан өткізетін аттестаттау комиссиясы құрылады.

10. Кәсіпорынның мүлкі

84. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

85. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және салымдар (Жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорынның қызметкерлері арасында бөлуге болмайды.

86. Кәсіпорынның мүлкі қалыптасады есебінен:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

87. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның Жарғылық мақсаттарымен ескерілген қызметін қамтамасыз етуге оған қажетті немесе осы қызметтің өнімі болатын мүлкі болуы мүмкін.

88. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу және тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

89. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдалану табыстары, өнімі мен кірістері, сондай-ақ, Кәсіпорынның шарттар мен немесе өзге де негізде бойынша алған мүліктер, Қазақстан Республикасының заңнамасындағы меншік құқығын алу үшін белгілеген тәртіпте Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

90. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

91. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу, сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

92. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249-бабында қарастырылған тәртіпте және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ, осы Жарғының 92-тармағында ескерілген жағдайларда тоқтатылады.

93. Осы Жарғының 92-тармағында ескерілген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтату негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша, заңды түрде алынған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар жатады:

- шаруашылық жүргізу құқығымен Кәсіпорынның Жарғылық қызметіне жауап бермейтін мүлікті алып қою;
- артық, немесе пайдаланылмайтын немесе мақсатқа сай емес мүлікті алып қою жатқызылады.

94. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде уәкілетті орган мемлекеттік мүлікті (жергілікті атқарушы орган) Кәсіпорынға, өзге тұлғаға бергенге дейін ұсталуын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

95. Сәйкес саладағы уәкілетті органының ұсынымымен мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның жазбаша келісімімен Кәсіпорынның:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) акционерлік қоғамдардың өздеріне тиесілі акцияларын жұмсауға, сонымен қатар, дебиторлық қарызын өтеуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге құқылы.

96. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

97. Осы Жарғының 95 және 96-тармақтарында көрсетілген, мүліктермен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады, егер Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексімен немесе жекеменшік жесімен (жергілікті атқарушы органмен) басқа жағдай белгіленбесе.

11. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

98. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

99. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

100. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

101. Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығындағы) өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша Кәсіпорын белгілейді.

102. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы

кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

12. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

103. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері (шаруашылық жүргізу құқығындағы 373 919 429,88 (үш жүз жетпіс үш миллион тоғыз жүз он тоғыз мың төрт жүз жиырма тоғыз теңге, 88 тиын) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшымен) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

13. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

104. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті заңның уәкілетті органының келісімі бойынша халықаралық стандарттарына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

105. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік есепті, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

14. Кәсіпорынның жауапкершілігі

106. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

107. Кәсіпорын иесінің міндеттемелері үшін жауап бермейді.

15. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

108. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

109. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына сәйкес келмеуі тиіс.

16. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

110. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын әкімдік белгілейді.

111. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық жалақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

112. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін әкімдік белгілейді.

17. Кәсіпорынның халықаралық ынтымақтастығы

113. Кәсіпорын халықаралық ынтымақтастықты Қазақстан Республикасының заңнамаларына және халықаралық шарттарға сәйкес іске асырады.

114. Кәсіпорын білім саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша өз жұмысының ерекшелігіне сәйкес шетел білім, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдар мен корлармен тікелей байланыс орнатуға, ынтымақтастық туралы екі жақты және көп жақты шарттар жасасуға, білім алушылармен, педагогтер мен ғылыми қызметкерлерге халықаралық тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысуға, білім саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (ассоциациялар) кіруге құқығы бар.

18. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

115. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату әкімдіктің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

116. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін, таратылған Кәсіпорынның қалған мүлкі, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен қайта бөлінеді.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін таратылған Кәсіпорынның қалған ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату жөнінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына жіктеледі.

19. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

117. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті уәкілетті органының ұсынуы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.